

Меншік нысанына қарамастан ұйымдарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 812 қаулысы.

"Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.10.2025 № 881 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Меншік нысанына қарамастан ұйымдарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Меншік нысанына қарамастан кәсіпорындарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 шілдедегі № 968 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 735 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 64-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 42, 623-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 31 қазандағы
№ 812 қаулысымен
бекітілген

Меншік нысанына қарамастан ұйымдарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Меншік нысанына қарамастан ұйымдарда мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасына бақылауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 9) тармақшасына сәйкес

әзірленді және меншік нысанына қарамастан ұйымдарда (бұдан әрі – ұйым) Қазақстан Республикасы мемлекеттік қорғаныстық тапсырысының (бұдан әрі – қорғаныстық тапсырыс) орындалу сапасын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.10.2025 № 881 қаулысымен.

2. Қорғаныстық тапсырысты орындау сапасын бақылау қорғаныстық тапсырыс шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), әскери мақсатта орындалатын жұмыстарға және әскери мақсатта көрсетілетін қызметтерге (бұдан әрі – өнімдерге) қатысты жүзеге асырылады.

3. Өнім сапасын бақылау және оны қабылдау шарттары қорғаныстық тапсырысты орындау шартында (бұдан әрі – шарт) көзделеді.

4. Қорғаныстық тапсырыс шеңберінде жеткізілетін өнім сапасы нормативтік және техникалық құжаттама, тактикалық-техникалық тапсырма талаптарына (техникалық ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаға) (бұдан әрі – НТҚ) және шарт талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган), қорғаныстық тапсырысты алушының өкілдері, әскери өкілдіктер өз жұмысын ұйымда белгіленген ішкі тәртіп қағидаларын ескере отырып ұйымдастырады. Оларды қызметтік, өндірістік және қойма үй-жайларына кіргізу ұйымда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.10.2025 № 881 қаулысымен.

6. Ұйымдардың басшылары уәкілетті органның, қорғаныстық тапсырысты алушының өкілдеріне, әскери өкілдіктерге:

1) танысу үшін өнім сапасын бақылау және оны қабылдау үшін қажетті құжаттаманы, анықтамалық материалдарды және ғылыми-техникалық ақпаратты, бақылау жасалатын өнімге қатысты құжаттарды, сондай-ақ нақты шығындарды негіздейтін есептік-калькуляциялық материалдарды;

2) бақылау-өлшеу аспаптарын, құрал-саймандар мен керек-жаракты, сондай-ақ өнімге сынау жүргізу, сапасын бақылау үшін өндірістік персоналды ұсынады.

7. Уәкілетті орган, қорғаныстық тапсырысты алушылар, әскери өкілдіктер қорғаныстық тапсырысты орындау сапасын бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша шартты орындаудың бүкіл мерзімі ішінде ұйымның басшылығымен өзара іс-қимыл жасайды.

2-тарау. Уәкілетті органның және/немесе қорғаныстық тапсырысты алушының қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын бақылауды жүзеге асыруы

8. Уәкілетті орган, қорғаныстық тапсырысты алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған шарттарға сәйкес қорғаныстық тапсырыстың орындалуына және қорғаныстық тапсырыс шеңберінде жеткізілетін өнім сапасының сәйкестігін

бақылауды жүзеге асыру үшін қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға өз өкілдерін жіберуге құқылы.

Көрсетілген өкілдерге Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңдарында көзделген құқықтар мен міндеттер қолданылады.

9. Уәкілетті органның, қорғаныстық тапсырысты алушының өкілдері өнім сапасын бақылауды жүзеге асыру кезінде ұйымдар ұсынатын өнімге ілеспе құжаттарды (сапа сертификаттарын, сәйкестік сертификаттарын, өнім сапасын растайтын куәлікті, формулярларды, паспорттарды, заттаңбалар мен басқа да құжаттарды) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, халықаралық және ұлттық стандарттарға, НТҚ және шарт талаптарына сәйкес келуіне зерделейді.

Экспортталатын өнім сапасын бақылауды жүзеге асыру кезінде шарттарда, сондай-ақ өнімді жеткізу шарттарында көзделген ілеспе құжаттар қосымша зерделенеді.

3-тарау. Әскери өкілдіктердің қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын бақылауды жүзеге асыруы

10. Қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін ұйымдарда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери өкілдіктері (бұдан әрі – әскери өкілдіктер) орналастырылады.

Ұйымдардың басшылары әскери өкілдіктерді белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және техникалық талаптарға сай келетін қызметтік үй-жайлармен, ұйымдастыру техникасымен, кеңсе керек-жарақтарымен, жиһазбен, ұйымдарда бар байланыс құралдарымен, құпия және құпия емес іс жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтермен, сондай-ақ өнімді алу және алып жүру үшін келетін қорғаныстық тапсырысты алушының өкілдеріне арналған үй-жайлармен қамтамасыз етеді.

11. Әскери өкілдіктер уәкілетті орган немесе қорғаныстық тапсырысты алушы мен ұйым арасында жасалған шарттар негізінде қорғаныстық тапсырыстың орындалу сапасын бақылауды жүзеге асырады.

Осы шарттар негізінде әскери өкілдіктер әскери өкілдік бақылауға және қабылдауға тиіс өнім номенклатурасын орталықтандырып әзірлейді, оны уәкілетті орган немесе қорғаныстық тапсырысты алушы бекітеді.

Әскери өкілдік басшысы номенклатура негізінде бұйымдар, құрастыру бірліктері, бөлшектер және технологиялық процесс операциялары тізбесін әзірлейді, олар бойынша сапаны бақылау жүзеге асырылады, ол ұйым басшысына жеткізіледі және әскери өкілдік пайдалану және қорғаныстық тапсырысты орындау сапасына бақылауды жүзеге асыру нәтижелеріне байланысты оны нақтылайды.

12. Әскери өкілдіктер ұйымдарда орналастырылмаған жағдайларда қорғаныстық тапсырысты алушылар өнім сапасын бақылауды және қабылдауды жүзеге асыратын өз өкілдерін оларға жібере алады.

Қорғаныстық тапсырысты алушылардың өкілдеріне осы Қағидалардың ережелері қолданылады.

13. Әскери өкілдіктер қорғаныстық тапсырысты орындау сапасының және өнімді қабылдаудың НТҚ-ға сәйкестігін бақылауды өнімді әзірлеу, өндіру, сервистік қызмет көрсету, жөндеу, жаңғырту және кәдеге жарату кезеңдерінде жүзеге асырады, сондай-ақ жеке жиынтықтаушыларға, құрастыру бірліктеріне, тораптар мен агрегаттарға ішінара тексеру, бөлшектеу және сынау жүргізеді. Әскери өкілдік басшысы ұйым басшылығымен келісу бойынша сапаны бақылау тәртібін, сондай-ақ бөлшектеуге жататын жеке жиынтықтаушылардың, құрастыру бірліктерінің, тораптар мен агрегаттардың санын және сынау әдістемесін белгілейді.

14. Өнім сапасының НТҚ талаптарына және шарт талаптарына сәйкестігін бақылау бұйымдарға, құрастыру бірліктеріне, бөлшектерге және технологиялық процесс операцияларына жаппай, ішінара, лездік және ішкі бақылау түрлерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

15. Жаппай бақылау бұйымдарды жасау мен сынаудың келесі кезеңдерінде әскери өкілдік орындау сапасын тексере алмайтын бұйымдар, құрастыру бірліктері, бөлшектер мен технологиялық процесс операциялары үшін, сондай-ақ өндірісте игеру сатысындағы өнім үшін көзделеді.

16. Ішінара бақылау әскери өкілдікке толық ұсынылған бұйымдар партиясынан жүзеге асырылады, бұл жағдайда партияға кіретін бұйымдардың зауыттық нөмірлері немесе таңбалануы көрсетілуге тиіс.

17. Лездік бақылаудың негізгі бағыты өнімді дайындаудың технологиялық операцияларын және процестерін бақылау болып табылады. Лездік бақылауға, әдетте, өнім сапасын бақылау үшін әскери өкілдікке міндетті түрде ұсынылуға тиіс бұйымдардың, құрастыру бірліктерінің, бөлшектер мен технологиялық процесс операцияларының тізбесіне кірмеген бұйымдарды, құрастыру бірліктері мен бөлшектерді дайындау мен бақылау технологиялық процестері жатады.

Сонымен қатар, лездік бақылаумен НТҚ талаптарын орындау, ұйым өндірісінің жалпы мәдени жай-күйі, зертханалары жұмысы, қабылданған өнімді сақтау қағидаларының сақталуы тексеріледі.

18. Ішкі бақылау НТҚ талаптарына және шарт талаптарына сәйкес келмейтін өнім үлгілерін (жүйелерді, кешендерді) әзірлеу, өндіру, жаңғырту және жөндеу кезінде қолдануды болдырмау мақсатында жүргізіледі.

Уәкілетті органның және/немесе қорғаныстық тапсырысты алушының өтінімі бойынша әскери өкілдік шарт жасалғанға дейін жиынтықтаушы бұйымдарға, шикізат пен материалдарға ішкі бақылауды жүзеге асырады, бұл жағдайда тиісті өтінімнің

тіркеу нөмірі көрсетіледі. Әскери өкілдік қабылдаған жиынтықтаушы бұйымдар, шикізат пен материалдар шарт жасалған сәтке дейін одан әрі өндіріске жіберілмейді.

19. Әскери өкілдікке бақылау үшін ұсынылатын бұйымдарды, құрастыру бірліктерін, бөлшектерді, технологиялық процесс операцияларын ұйымның техникалық бақылау бөлімі (бұдан әрі – ТББ) НТҚ талаптарына және шарт талаптарына сәйкестігін алдын ала қабылдайды.

Әскери өкілдікке бұйымдарды, құрастыру бірліктерін, бөлшектер мен технологиялық процесс операцияларын ТББ ұсынады.

20. Әскери өкілдік өнімнің сапасын бақылауды ТББ өкілінің қатысуымен жүргізеді. Жаппай және ішінара бақылау кезінде өнімді қабылдау-беру және кезеңдік сынау НТҚ-да белгіленген ауқымда және жүйелілікпен жүргізіледі.

21. Өнімге қажетті сынау жүргізу циклі сегіз сағаттан асып кеткен, сондай-ақ сынау уақыты өнімнің атқарым ресурсына ықпал еткен жағдайларда ТББ мен әскери өкілдіктің сапаны бірлесіп бақылауына жол беріледі.

22. Өнім әскери өкілдікке сапаны бақылауға өнімнің НТҚ талаптарына және шарт талаптарына сәйкестігі туралы куәландыратын ілеспе құжаттармен (формулярлармен, паспорттармен, заттаңбалармен, маршрут карталарымен) бірге ұсынылады.

Бұйымдар, құрастыру бірліктері, бөлшектер, технологиялық процесс операциялары сапасын бақылау, сондай-ақ өнімді қабылдау-беру және жалпы басқа да сынау санаттары жүргізілген кезде алынған параметрлер, тұтас алғанда сынау хаттамаларында немесе НТҚ-да көзделген басқа да құжаттарда жазылады (тіркеледі), оларға сынау жүргізген адамдар қол қояды.

Өнім сапасын бақылау аяқталғаннан кейін әскери өкілдік қабылдау аяқталған уақытты белгілеп (өнімді ұсыну уақыты құжаттаманы алған кезде белгіленеді), ұйым ұсынған құжаттаманы ресімдеуді, сондай-ақ НТҚ-да көзделген жағдайда өнімді пломбалауды және таңбалауды жүргізеді. Ішінара бақылау кезінде партия сапасы туралы қорытындыда сынауға ұшыраған бұйымдардың зауыттық нөмірлері көрсетіледі.

23. Өнім бұйымдарында бағалы металдар қолданылған кезде олардың құрамы туралы деректер осы бұйымдарға формулярларда, паспорттарда немесе заттаңбаларда көрсетіледі.

24. Сапаны бақылау процесінде ұсынылатын өнімнің НТҚ талаптарына сәйкес келмеуі анықталған кезде өнім анықталған ақауды жою, қайта тексеру және қайта сынаудан және ТББ қабылдағаннан кейін әскери өкілдікке қайта ұсыну үшін ұйымға қайтарылады.

Ұйым өнімді сапа бақылауына екінші рет ұсынған кезде әскери өкілдікке ақаулары бар өнімді жасау және ұсыну себептерін, сондай-ақ оларды жою мен алдын алу жөнінде шаралар қабылдауды көрсете отырып, жазбаша ақпарат ұсынады.

Анықталған ақауларды талдау нәтижелері және ұйым қабылдаған шаралар қайта ұсынылған хабарламаға қоса берілетін актіде көрсетіледі.

Егер әскери өкілдік қайтарған бұйым (партия) қайта ұсынылса, әскери өкілдікке кезекті бұйымды (партияны) ұсынуға хабарламамен бірге ресімделген акт ұсынылады.

25. Қайта жүргізілген қабылдау-беру сынауынан өтпеген өнім ақаулыға жатқызылады және жарамды өнімнен оқшауланады.

26. НТҚ-да белгіленген өнім өндірісінің технологиялық процестері бұзылғаны, өнім өндірісінде контрафактілі, жалған, толық жасалмаған жиынтықтаушы бұйымдар, материалдар мен жартылай фабрикаттар пайдаланылғаны анықталған, жасалған өнім контрафактілі деп танылған, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің жария болатын (таратылатын, жоғалтылатын) арналарын жасауға ықпал ететін шетел техникалық барлауына қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі талаптар бұзылған кезде әскери өкілдіктер өнімді қабылдауды және тиеуді тоқтата тұрады.

Әскери өкілдік басшысы өнімді қабылдауды және тиеуді тоқтата тұру туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери өкілдіктер орталығын, ұйым басшысын, қорғаныстық тапсырысты алушыны, сондай-ақ уәкілетті органды жазбаша хабардар етеді.

Өнімді қабылдау және тиеу ұйым әскери өкілдікпен, уәкілетті органмен және/немесе қорғаныстық тапсырысты алушымен келісілген анықталған кемшіліктерді және олардың пайда болу себептерін жою жөніндегі іс-шараларды жүргізгеннен кейін қайта басталады.

27. Толық жиынтықталған дайын өнім сапасын түпкілікті бақылауды және қабылдауды әскери өкілдік ұйым басшысы және ТББ бастығы қол қойған хабарламаны, сондай-ақ паспортты (формулярды) немесе өнімнің дайын болуын және оның НТҚ-ға және шарт талаптарына сәйкестігін куәландыратын өзге де құжатты алғаннан кейін жүзеге асырады.

Егер НТҚ-да немесе шартта өзгеше көзделмесе, қабылдау-беру сынауынан өткен, толық жиынтықталған, ұйым және әскери өкілдік пломбалаған және оның сапасы НТҚ-да көзделген кезеңдік және басқа да сынаумен расталған өнімді әскери өкілдік түпкілікті қабылдады деп саналады. НТҚ-да немесе шартта көзделген жағдайларда өнім буып-түйіледі (қапталады) және тасымалдау ыдысына салынады.

28. Шарт бойынша дайындалған өнім қабылданғаннан кейін әскери өкілдік басшысы ұйымға осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәландырылған екі көшірмесі бар өнім сапасын растайтын куәлік береді.

29. Әскери өкілдіктің өндірісі аяқталмаған, жиынтықталмаған, белгіленген сынау жүргізілмеген және НТҚ-ға және шарт талаптарына басқа да сәйкес келмейтін өнімге куәлік беруіне жол берілмейді.

Меншік нысандарына
қарамастан ұйымдарда
мемлекеттік қорғаныстық
тапсырыстың орындалу
сапасына бақылауды жүзеге

асыру қағидаларына
қосымша
Нысан
мөртаңба
орны

Өнім сапасын растайтын КУӘЛПК № _____

№ ____ әскери өкілдік _____ ұйымына 20 ____ жылғы " ____ " _____
№ _____ шартқа және техникалық шарттарға сәйкес дайындалған және
жиынтықталған төменде аталған өнімнің пайдалануға жарамды деп танылғанын және
көрсетілген шарт есебіне қабылданғанын растау үшін берді.

Р/с №	Позиция нөмірі	Өнім атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

№ _____ әскери өкілдік басшысы

Т.А.Ә. (бар болса), қолы

М.О.

20 ____ жылғы " ____ " _____

Осы куәлікте аталған өнім жауапты сақталуға қабылданды.

Ұйым басшысы _____

Т.А.Ә. (бар болса), қолы

М.О. (бар болса)

20 ____ жылғы " ____ " _____